

БЕКІТЕМІН
«Бірінші болу – батылдық» корпоративтік қорының
Атқарушы директоры

_____ /С.Н. Қазыбаева
« _____ » _____ 2020 ж.

«Virtual Half Marathon 2020»
жүгіру жарысын өткізу туралы
ЕРЕЖЕ

Алматы қ.
2020 ж.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Virtual Half Marathon – «Бірінші болу – батылдық» корпоративтік қорының жаңа жобасы, қазақстандық онлайн жартылай марафоны.

2. ЖАРЫСТЫҢ МАҚСАТТАРЫ

Жарыс келесі мақсаттарда өткізіледі:

- жүгіруді көпшілікке тарату;
- жаман әдеттерден бас тарту;
- спорттағы әлеуметтік қашықтыққы сақтау;
- салауатты ұлт қалыптастыру.

3. ЖАРЫС ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАР

3.1. Жарысқа жалпы басшылықты «Бірінші болу – батылдық» корпоративтік қоры (бұдан әрі – «Ұйымдастырушы») жүзеге асырады.

3.2. Жарысты дайындау және өткізу бойынша ұйымдастыру жұмысы «Бірінші болу – батылдық» корпоративтік қорының Ұйымдастыру комитетіне (бұдан әрі – «Ұйымдастырушының Ұйымдастыру комитеті») жүктеледі.

4. ЖАРЫС ӨТКІЗУ ОРНЫ МЕН МЕРЗІМІ

4.1. Жарыс өткізу күні: 2020 ж. «18» қазан.

4.2. Жарыс өткізу уақыты: 18.10.2020 ж. 06 сағ. 00 м. бастап 18.10.2020 ж. 22 сағ. 00 м. дейін (Нұр-Сұлтан уақытымен).

4.3. Жарыс басталу орны: Қазақстан Республикасының барлық қалалары.

5. ЖАРЫС ҚАШЫҚТЫҒЫ

5.1. Жарыс бағдарламасы 2 (екі) қашықтықты қамтиды:

- 21,1 км, жеке жүгіру
- 21.1 км, 3 кезеңге бөлінген: 7; 7; 7.1 км

6. ЖАРЫС ҚАТЫСУШЫЛАР

6.1. Жарысқа қатысуға 18 жастан асқан қатысушылар жіберіледі. Командалар жасына қарамастан жиналады.

6.2. Жарыстың бірнеше қашықтығына бір мезгілде қатысуға тыйым салынады.

6.3. Жарыстың белгілі бір қашықтығына тіркелу кезінде жарыс өткізілетін күнге қатысушының толық жас саны ескеріледі.

6.4. 21.1 км қашықтықтағы жеке жүгіріске 18 жастан асқан барлық Қазақстан қалаларының жүгірушілері қатыса алады.

6.5. 21.1 км қашықтықтағы командалық жүгіріске 3 әр түрлі қаладан 3 адам қатысады.

6.6. Бір қаладан екі немесе үш адамның бір командаға қатысуға рұқсат етіледі. Команда мүшелері бір қаладан болған жағдайда, команда жүлделі орынға үміткер бола адмайды.

7. ЖАРЫС ҰЙЫМДАСТЫРУҒА ЖӘНЕ ӨТКІЗУГЕ ЖҰМСАЛАТЫН ШЫҒЫНДАР

7.1. Жарыс ұйымдастыру және өткізу шығындарын Ұйымдастырушының Ұйымдастыру комитеті көтереді.

8. ЖАРЫС ЖЕҢІМПАЗДАРЫН АНЫҚТАУ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ

8.1. Жарыс өтетін күні, қатысушылар таңдаған қашықтықты Нұр-Сұлтан уақыты бойынша 18 қазан күні сағат 06:00-ден 22:00-ге дейінгі қалаған уақытта, өз қаласында жүгіруге ыңғайлы кез келген жерде жүгіріп өтуі тиіс.

8.2. Әрбір қатысушы өзінің жүгіруін кез келген ыңғайлы трекерде тіркейді. Жүгіру аяқталғаннан кейін, нәтиженің скриншотын міндетті түрде жасау керек және оны <https://www.almaty-marathon.kz> сайтындағы жеке кабинетіне 2020 жылғы 19 қазанда Нұр-Сұлтан уақытымен сағат 11:00-ге дейін жүктеуі тиіс.

8.3. Командалық жүгірісте команданың әрбір мүшесі нәтижелерді (скриншоттарды) капитанға жіберуі керек, ол болса скриншоттарды <https://www.almaty-marathon.kz> сайтындағы команданың жеке кабинетіне 2020 жылғы 19 қазанда Нұр-Сұлтан уақытымен сағат 11:00-ге дейін жүктеуі тиіс.

8.4. 21.1 км жеке жүгіріп өткен, уақыт бойынша бірінші 3 (үш) әйел мен 3 (үш) ер марапатталады. 21.1 км жүгіріп өткен алғашқы 3 (үш) команда марапатталады.

8.5. Жеңімпаздар арнайы жиектемедегі медальді және команданың атаулы сөрелік нөмірін алады.

8.6. Жарыстың барлық қатысушылары арнайы жиектемедегі мәре медалін алады.

8.7. Медальдар, Жарысқа қатысушыларға тіркеу сауалнамасында көрсетілген мекен-жайға Ұйымдастырушы есебінен пошта арқылы жіберіледі.

9. ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ ТІРКЕУ ЖӘНЕ ЖАРЫСҚА ЖІБЕРУ

9.1. Жарысқа қатысушыларды тіркеу Ұйымдастырушының <https://www.almaty-marathon.kz> сайтында 2020 жылғы «21» қыркүйекте басталады және 2020 жылғы «16» қазанға дейін немесе келесі лимитке қол жеткізгеннен кейін аяқталады: 21.1 км жеке жүгіру – 1 200, 21.1 км – 100 команда жүргізіледі.

9.2. Қатысушылар командаға адамдарды жинай алатындай етіп, «Алматы марафонының» әлеуметтік желілерінде (Instagram, Facebook, ВКонтакте) арнайы пост жасалады, онда әркім өзін және өз қаласын белгілеп, жүгіруге дайын қашықтықты көрсетіп, командаластарын таба алады.

9.3. <https://www.almaty-marathon.kz> сайтындағы тіркеу сауалнамасын толтыру қажет.

9.4. Команданы қатысушылар анықтаған капитан тіркейді.

9.5. Онлайн-тіркеу рәсімінен өткен Жарысқа қатысушы тіркелген болып саналады.

9.6. Тіркелу арқылы Қатысушы осы Жарыс туралы ереженің талаптарын және Ұйымдастырушының <https://www.almaty-marathon.kz/> сайтында орналастырылған Ұйымдастырушының (қатысушы ретінде тіркелу жөніндегі қызметтерді қоса алғанда, Жарысты ұйымдастыру және өткізу түріндегі қызметтерге арналған) Жария оферта шартының талаптарын сақтауға келіседі.

9.7. Сөрелік нөмір төлем жүргізе отырып беріледі. Сөрелік нөмір команданың барлық қатысушылары үшін де төлем жүргізе отырып беріледі және команда капитанына пошта арқылы жіберіледі.

9.8. Тіркеуден өтпейінше, қатысушының нәтижелері хаттамада көрсетілмейді.

9.9. Жарысқа қатысу үшін сөрелік жарна:

21.1 км қашықтыққа жеке жүгіруге қатысу үшін сөрелік жарна — 4 000 тг.

21.1 км қашықтыққа қатысу үшін сөрелік жарна — команданың бір қатысушысы үшін 4 000 тг.

9.10. Жүгіруге қатысқаны үшін енгізілген қаражат қайтарылмайды. Қате немесе басқа біреудің ID-нөміріне жіберілген қаражат басқа қатысушыға аударыла алмайды.

10. ЖАРЫСТАН ШЫҒАРЫП ТАСТАУ

10.1. Жарыстың қорытынды хаттамасынан қатысушылар алынып тасталады, егер:

- қатысушының сәйкес нөмірімен басқа адам жүгіріп өткен болса;
- қатысушы қашықтықты қысқартқан болса;
- қатысушы мәлімделмеген/тіркелмеген қашықтықты жүгіріп өткен болса;
- қатысушы қолда бар көлік құралын (велосипед, самокат және т.б.) пайдаланған болса;
- қашықтықтың өз бөлігін жүгіріп өтпеген қатысушысы бар команда.

10.2. Жарыс қашықтықтарын өтуге белгіленген уақыт шектеулері:

- қашықтықты жарыс күні ішінде жүгіріп өту керек (2020 ж. 18 қазан)

11. ЖАРЫС БАҒДАРЛАМАСЫ

Жарыс тек спорттық бөлімді ғана көздейді. Қатысушылар, қашықтықты Ұйымдастыру комитеті шектеген кезеңде өз бетінше жүгіріп өтеді.

Іс-шараның басталуы **18.10.2020 ж. сағ. 06:00**-де, іс-шараның аяқталуы **18.10.2020 ж. сағ. 22:00**-де (Нұр-Сұлтан уақытымен).

12. НӘТИЖЕЛЕРДІ ЕСЕПТЕУ ЖӘНЕ ЖАРЫС ЖЕҢІМПАЗДАРЫН АНЫҚТАУ

12.1. Жарысқа қатысушылардың нәтижесі GPS трекері (Polar, Garmin, Strava және т.б.) бар кез келген жүгіру қолданбасының көмегімен тіркеледі.

12.2. Команда капитаны өз командасы қатысушыларының жаттығуларының барлық скриншоттарын ұйымдастырушының <https://www.almaty-marathon.kz/> сайтындағы жеке кабинетке жүктеуі керек.

12.3. Алғашқы үш орынды иеленген жеңімпаз командалар, ұйымдастырушының сұрауы бойынша бір апта бұрынғы жаттығу скриншотымен өз нәтижелерін растайды.

12.4. Ресми нәтижелер ұйымдастырушының <https://www.almaty-marathon.kz/> сайтында, іс-шара аяқталғаннан кейін 24 сағат ішінде жарияланады.

12.5. Жарысқа қатысушының нәтижесі, команданың жеке кабинетінде дұрыс орналастырылған жағдайда ғана тіркеледі.

13. НАРАЗЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ КІНӘРАТ-ТАЛАПТАР

13.1. Наразылықтар Жарыстың Ұйымдастырушының Ұйымдастыру комитетіне беріледі және Жарыстың Төрашаралар алқасы тарапынан қаралады.

13.2. Қатысушы Жарыс аяқталғаннан кейін 2 (екі) күнтізбелік күн ішінде наразылық және/немесе кінәрат-талап беруге құқылы, олар Ұйымдастырушының info@almaty-marathon.kz электрондық поштасына жіберіледі.

Кінәрат-талап берген кезде, Ұйымдастырушы келесі деректерді көрсетуі қажет:

- тегі және аты (жасырын өтініштер қаралмайды);
- кінәрат-талаптың нақты мәні;
- кінәрат-талаптың негіздері (фотосурет, жеке секундомер, субъективті пікір және т.б.).

13.3. Ұйымдастырушының Ұйымдастыру комитеті наразылық немесе кінәрат-талап берілген сәттен бастап 24 (жиырма төрт) сағат ішінде ресми жауап дайындайды, ол шағым/кінәрат-талап берілген электрондық мекенжайға жіберіледі.

13.4. Кінәрат-талаптар тек Жарысқа қатысушылардан және/немесе олардың заңды өкілдерінен ғана қабылданады.

14. ЖАРЫСҚА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

14.1. Жарыстың әрбір қатысушысы өз денсаулығын өз бетінше қадағалауға және ұзақ уақыт бойы денеге жүктеме түсіруге қарсы көрсетімдердің болуы-болмауы тұрғысынан медициналық байқап-тексеруден өтуге міндетті.

Маңызды! Ұйымдастырушы қатысушыларға Жарыстың алдында медициналық байқап-тексеруден өтуге кеңес береді. Жарысқа қатыса отырып, қатысушылар кез келген спорт түріне тән тәуекелді тікелей қабылдайды.

14.2. Қатысушы Жарысқа қатысуы нәтижесінде өз денсаулығы үшін қолайсыз салдар туындауы мүмкін екенін ұғынуға міндетті.

14.3. Жарысты Ұйымдастырушы қатысушының қайтыс болуы не жарақат алуы, қатысушы меншігінің жоғалуы не зақымдануы үшін, сондай-ақ Жарыс кезінде қатысушының денесіне келтірілген кез келген нұқсан үшін жауап бермейді. Осы ереже Жарыс өткізілгенге дейін, оны өткізу кезінде және одан кейін қолданылады.

14.4. Жарысқа қатысушы басқа қатысушыларға, Жарыстың Ұйымдастырушысы мен демеушілеріне, бөгде адамдарға, сондай-ақ олардың мүлкіне зиян келтіре алатын жағдайларды ешбір уақытта қасақана жасамауға міндеттенеді.

14.5. Қатысушы, Жарысты өткізу күніне қарай/Жарысты өткізу күнінде денсаулық жағдайы нашарлаған жағдайда Жарысқа қатыспауға міндеттенеді.

15. «ALMATY MARATHON» ЛОГОТИПІН ПАЙДАЛАНУ

15.1. «Almaty marathon» логотипі Ұйымдастырушының тіркелген сауда белгісі болып табылады. Логотипті пайдалану құқығы Ұйымдастырушыға – «Бірінші болу – батылдық» корпоративтік қорына тиесілі.

15.2. Үшінші тұлғаларға, тауар белгісінің құқық иесі болып табылатын Ұйымдастырушының рұқсатынсыз және келісімінсіз логотипті жеке мақсатта пайдалануына, киім-кешекке, жалауларға және басқа да керек-жарақтарға бейнелеуіне тыйым салынады.

15.3. «Almaty marathon» логотипінің кез келген түсіндірмелерін пайдалануға тыйым салынады.

15.4. «Almaty marathon» логотипін пайдалану тәртібін бұзу фактісі анықталған жағдайда, Ұйымдастыру комитеті сот сатыларына жүгіну құқығын өзіне қалдырады.

16. АҚПАРАТ КӨЗДЕРІ

16.1. Жарыс туралы толық ақпарат Ұйымдастырушының <https://www.almaty-marathon.kz/> сайтында, сондай-ақ Ұйымдастырушының келесі әлеуметтік желілердегі аккаунттарында орналастырылған:

<https://vk.com/almatymarathon>

<https://www.facebook.com/almatymarathon/>

<https://www.instagram.com/almatymarathon/>

[t.me/almaty_marathon.](https://t.me/almaty_marathon)

16.2. Басқа ақпараттық ресурстардағы ақпарат үшін Жарыстың Ұйымдастырушысының Ұйымдастыру комитеті жауап бермейді.

17. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

17.1. Осы Жарыс туралы ереже Жарысқа қатысу үшін ресми шақыру-шақырту болып табылады.

17.2. Ұйымдастырушы осы Жарыс туралы ережеге өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.